

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды О сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 06 - 10 қараша 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|---|---|--|--|--|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады. | «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді | «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі. | «Бұны қай кезде киенді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады | Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Шарикті үрлеу». (үстел үсті ойыны) | «Гүлді құрастыру»Топтық ойын | Жапырақ гүлін жасау | Фантикті жинау | Қағазды бүктеу,жазу |
| Таңертеңгі жаттығу | 2 таңертеңгі жаттығу кешені (құралсыз) 1. «Поезда келеміз» -- шағын топшаларға бөлініп тұру және бірінің артынан бірі жүру. | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|---|
| | <p>2. «Жүгіреміз» деген белгі берілген кезде залда бытырап жүгіру.</p> <p>3. Жүру және тәрбиешінің көмегімен шеңберге тұру.</p> <p>4. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. Қолды иық деңгейіне дейін көтеріп, түсіріп «шықылықтау» 4 - 6 рет қайталау.</p> <p>5. Б. қ. қолды жіберіп, аяқты сәл ашып, тіке тұру. «Қанатымызды қағамыз» -- оңға бұрылып қолды артқа апарып б. қ келу. Сол жаққа дәл солай қайталау.</p> <p>6. Б. қ. аяқты иық деңгейіне қойып, тіке тұру. Алға қарай еңкейіп « Ішеміз» - деп б. қ келу. 4 – 6 рет қайталау.</p> <p>7. Б. қ. Қолды дене бойымен жіберіп, шалқадан жату. Аяқты бүгіп, жоғары көтеріп, шалқасынан жатқан қоңыз сияқты тырбаңдатып «Ж – ж - ж - ж - ж» - деп б қ келу. 2 – 3 рет қайталау.</p> <p>8. Тәрбиешінің артынан сап түзеп бірінің артынан бірі жүру. (дене шынықтыру</p> | | | | |
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | <p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p> | <p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p> | <p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p> | <p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p> | <p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p> |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | | | | |
| <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту -- Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану ёкірік.25.10)</p> <p>Мақсаты Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады; Түсінеді: өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді; Қолданады: өлең сөздерінің</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады Ғажайып сәт. Бүгін бізге Айгүл өзімен бірге суреттер ала келіпті.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады Күтілетін нәтиже:</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: -- Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту (Әдептілік әлемі) Мақсаты : Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды;</p> | |

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | <p>ішінен түбірлес сөздерді табады</p> <p>Педагог балаларға түбірлес сөздер туралы мағлұмат береді. Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз; өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар – арлы, арсыз; кітап – кітапхана, кітапша, ойын – ойыншы, ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз.</p> <p>Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер</p> <p>Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырып беріңдер.</p> <p>Жұмбақтар шешу</p> <p>1. Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-газа боласың. Бұл не? (Сабын)</p> <p>2. Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүйеді қолын да, Сүртеді жанын да. Бұл не? (Сүлгі)</p> | <p>Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады.</p> <p>Құстардың суреттерін тақтаға іледі. – Балалар, қандай құстарды білесіңдер? – Қарға, тоқылдақ т.б. – Мен сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы айтылғанын және қандай дыбыстан басталып, қай дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың жуан дауысты ма, жіңішке дауысты ма, ұяң, үнді, қатаң дауыссыз дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау.</p> <p>Аққу – құстың төресі, Ақ мамықтай денесі. – Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр? – Дұрыс, [а] дыбысы. – [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? – Жуан дауысты дыбыс). – Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? – Қызыл түспен</p> | <p>(Педагог суреттерді тақтаға іледі: лақ, қасқыр, бағдаршам).</p> <p>Суреттен не көріп тұрсындар? Ал енді осы сөздерді сендерден алыста тұрған сияқты созып, айғайлап айтып көріңдер. Балалар сөздерді айғайлап, созып айтады: лақ, қас-қыр, бағ-дар-шам.</p> <p>Сөздерді қайталатқызады және буынға бөлдіріп айтқызады. – Дауысты дыбыстар буын құрайды. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады. – Буын – сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылданан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. Педагог қолын шапалақтау арқылы лақ сөзін буынға бөледі, «лақ» деп бір рет шапалақтап, «лақ» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіреді. Педагог балаларға «қасқыр «сөзін буынға бөлдіреді. «Қас-қыр» сөзін екі рет шапалақтап айтады. «Қасқыр сөзі неше буыннан тұрады? – Екі буыннан тұрады. – Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «қасқыр» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар.</p> | <p>Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> <p>Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.</p> <p>Қолданады: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?» Шарты: әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамалар, бос стакан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стаканға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу. Билингвалды компонент: буын – слог.</p> <p>«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны</p> <p>– Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p> | <p>Түсінеді: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады</p> <p>Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді.</p> <p>Қарым□ қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды</p> <p>Сұрақ-жауап:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлең қалай аталады? – Өлең сендерге ұнады ма? - Өлеңде не туралы айтылған? - Асты қалай ішу керек? (Асықпай ішкен ас сіңімді болады). - Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз). - Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз? <p>Дәптермен жұмыс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Суретте не бейнеленген? - Баланың әрекетін ретімен ата. - Суретте саған не ұнады? Өз ойыңды айт . - Бала кімге кездесті? Ол қандай әрекет жасады? – Бала қолындағы допты кімге ұсынды? - Сен болсаң қандай әрекет жасар едің? <p>Есіңе сақта: «Адам әдебімен көрікті».</p> |
| Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Аудың апанында» | | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|
| <p>Тілді жаттықтыратын жаттығулар...</p> <p>1 . « Анаға қарап жаттығу жасау» 2. <i>Бағынбайтын тілді жазала.</i> Мақсаты: Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету; Бейнелеуі : Ауызды кішкене ашып, тілді астыңғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау. Әдістемелік нұсқау : Төменгі ерінді бұрап, астыңғы тістерге тартпау керек; Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек; Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудың орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды</p>  |  |  | <p>Ойын: « Аюдың апанында» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады. Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды. Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіндер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап, орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады: -Біз аюдың қасында Жеміс- жидек тереміз, Аю ұйықтамайды, Аю ырылдайды. «Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар аюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады.</p> | | |
| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | <p>Қоршаған орта Міндеті: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Мақсаты Жануарлардың (андардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді. түсінеді: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Мақсаты заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: заттарды салыстырады, заттардың</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Мақсаты заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Мақсаты заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: заттарды салыстырады, заттардың</p> | <p>Қоршаған орта Міндеті: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Мақсаты Жануарлардың (андардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|---|
| | <p>өзгерістерге тәуелді екенін түсінеді. қолданады: жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінез- құлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде Күрделі сұрақ: Адамдар қысқа қалай дайындалады? Ал жануарлардың қысқа дайындығы жайлы не білесің?</p> <p>Суретті қарап шығып, онда бейнеленген жануарлардың атауын атайды және олардың қысқа қалай дайындалатынын айтып береді. Мысалы, кірпі күзде інін дайындайды, ішіне мүк пен құрғақ жапырақ төсейді. Жапырағы құрғақ жерді таңдап алып, сол жерге ары-бері домалайды. Инесіне жапырақтарды қадап алғаннан кейін, ініне апарып тастайды да, қайтадан жүгіреді. Кірпілер тамағын түнде аулайды. Күзде жақсылап қоректеніп, семіріп алады. Бұл – оның қысқа дайындығы. Енді ініне кіріп, көктемге дейін ұйықтауына болады. Кірпі қыста ұзақ ұйқыға кетеді. Балалар аюдың да жаз бойы және күзде жақсылап қоректенетінін айтады. Бірақ ол қор жинамайды. Сондықтан аюға кірпі сияқты азық жинап, тойып тамақ жеп, қысқа май жинаудың қажеті жоқ. Қыста аюдың апанын қалың қар басып тастайды. Оның іші жып- жылы болып тұрады. Аюдың кірпіге ұқсастығы</p> | <p>өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; түсінеді: заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.</p> <p>Тосын сый сәті. «Гномдар бізге қонаққа келді. (Демонстрациялық материал – 2, 2.1 және 2.2-кесте). Проблемалық сұрақ. – Барлық гномдар бірдей ме? «Олармен жақынырақ танысайық». Педагог балаларға «үлкен – кішкентай», «түс», «алдында – артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі. Балалар ойын жағдаятына қосылады. Гномдар бейнеленген суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды. Педагог балаларға, біз гномдарды үлкенді – кішілі және киімінің түсімен салыстырдык деп түсіндіреді. Енді оларды биіктігі мен қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренейік. 2-кесте – гномдар орналасқан фон, 2.1 және 2.2. кесте – сурет кескіндері. Гномдарды өсу ретімен орналастыруды</p> | <p>түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; түсінеді: заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.</p> <p>Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.</p> | <p>өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; түсінеді: заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.</p> <p>Педагог 3-тапсырманы орындауды ұсынады. Үлкен заттарды қызыл, кішкентай заттарды сары түспен бояйды. Әр зат қайда орналасқанын айтады, жеке жұмыс жүргізеді.</p> | <p>береді. түсінеді: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы өзгерістерге тәуелді екенін түсінеді. қолданады: жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінез- құлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде Қыста түлкінің аяғына қалың, жылы жүн өседі. Бұл оның аяқтарын жылытып тұрады. Былайша айтқанда, түлкінің байпағы бар деуге болады. Ол тышқан аулағанды жақсы көреді. Түлкі тіпті, қардың астында жатқан тышқандарды тауып алып жейді. Балалар «түлкі мен қасқырға тонының түсін ауыстырудың қажеті жоқ» деген болжам жасайды. Ал қоян тонының түсін өзгертеді. Алдымен құйрығы, кейін артқы аяқтарының түсі ағарады. Балалар қоянның не үшін тонының түсін ауыстыруы қажеттігін, оның кімнен қорқып, жасырынатынын сөз етіседі. Қоян ешқашан ін қазбайды. Күндіз ол бұталардың түбінде ұйықтайды. Ал күн суытқан кезде үйілген қардың арасына кіріп алады. Өйткені ол жер өте жылы болады. Түнде</p> |
|--|--|---|--|--|---|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>қандай? Ал айырмашылығы неде? (Екеуі де қыста қалың ұйқыға кетеді, жаз бен күзде жақсылап тамақтанады, содан соң аю апанына, кірпі ініне кіріп ұйықтайды). Аю немен қоректенгенді жақсы көреді? (Таңқурай, бал, ағаш қабығы, балық, құстар мен құмырсқаларды жейді). Кірпі жаз бойы немен қоректенеді? (Бақа, жылан, құмырсқа). Қасқырдың жүні жазда және күзде ұзарып өседі, қалыңдап, жып-жылы «тонға» айналады. Бұл қасқырға ауадай қажет. Өйткені ол тұмсығы мен аяқтарын құйрығымен жауып, қардың үстінде ұйықтайды</p> | <p>ұсынады: алдымен ең аласасы, содан кейін биігі. – Сіз мұны қалай жасайсыз? Алдымен көзбен анықтап, содан кейін бір-бірінің жанына қойып, тексеруді ұсынады: ол аласа ма немесе биік пе? Оларға кеудеше мен шалбар тандайды. – Шалбар мен кеудешелерді қалың немесе жұқа деп айтпайды, оларды ені кең-тар деп айтады. – Шалбарды енімен қалай орналастырамыз? Балаларды алдымен көзбен, содан кейін бір-бірінің үстіне қою арқылы тандауға шақырады. Топтағы балалармен осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі. Педагог бірнеше балаға (5 адам) шығып, бір-бірінің артынан тізіліп тұруды ұсынады. Қалған балалар оларды сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімінің түсі, бір-бірінің артына орналасуы. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды</p> | | | <p>қорек табуға шығады. Тиін де тонын жылы тонға ауыстырады. Ал өзі бұталардың арасынан шұңқыр қазып, соған жаңғақ жинайды. Ал үйшігінің ішіне құрғақ жапырақ төсейді; ағаш діңіне салынған қуыстың бір ғана аузы болады. Күн қатты суытқан кезде тиін оны құйрығымен жауып тастайды</p> <p>Педагог «Пайда-зиян» ойынын ұйымдастырады: Балаларды екі топқа бөледі және белгілі бір нысанның атын айтады.</p> <p>Ойын соңында «Пайдасы көп пе әлде зияны көп пе?» деген сұраққа жауап іздейді. Қорытынды жасайды.</p> <p>1-ші команда сол нысанның пайдалы жақтарын іздейді. Ал 2-ші команда зиянын іздейді.</p> <p>П: Қасқыр. Пайдасы және зияны.</p> <p>ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы өліп қалған жануарларды жейді; оның терісінен малақай, тон тігуге болады. Егер қасқырлар болмаса, қоян көбейіп кететін еді. Ал олар ағаштарды кеміріп құртар еді.</p> <p>ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы кішкентай аңдарды құртады. Тіпті адамға да шабуыл жасауы мүмкін.</p> |
|--|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | Қасқырлар қойларды, ешкілер мен өзге де үй жануарларын жейді |
| Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар « Дөңгелекті лақтыру » | | | | | |
| <p>Тіл ұстарғу жаттығуы</p> <p>1) Ша-ша-ша Жап жасыл шырша.</p> <p>2) Ар-ар-ар Қандай аппақ қар.</p> <p>3) Ыс-ыс-ыс Келіп қалды қыс.</p> <p>4) Лар-лар-лар Далада ойнайды балалар.</p> |  | | | <p>Ойын: « Дөңгелекті лақтыру »</p> <p>Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.</p> <p>Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.</p> | |
| 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | <p>Қазақ тілі Міндеті: Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату Мақсаты санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Күгілетін нәтижелер Жасайды: онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді. Түсінеді: сұрақтарды түсінеді. Қолданады: санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол</p> | <p>Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты апта күндерінің атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну Күгілетін нәтижелер: Жасайды: апта күндерінің қазақша айтады. Түсінеді: қойылған сұрақты түсінеді. Қолданады: апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді</p> <p>Тақпақ «Апта күндері» Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі,</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Міндет Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу Мақсаты , Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу Күгілетін нәтиже: Жасайды: өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады; Түсінеді: өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді; Қолданады: өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады –Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? –Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтындаршы? –Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? –Өздерің таза жүресіңдер ме?</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты : Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Күгілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің</p> | <p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру; - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу - аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру Мақсаты:- құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету</p> <p>Топтық жұмыстар</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | <p>моторикасын дамыту). Санамақ жаттау. Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық, Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі, Бес бүркіт. 3-4 бала санамақты қайталайды.</p> | <p>Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі . Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі Ә-ә-ә- сәәр-сенбі Ұ-ұ-ұ- жүү-ма</p> | <p>Шаштараз Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу</p> | <p>мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды - Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз. - Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. - Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегінді жина өзің. Асықпай іш</p> | |
|--|---|--|---|---|--|


| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | тамақты, Жина аяқ-табақты. Сөздік жұмыс: Аяқ-табақ – тамақ ішетін ыдыстар. Асықпай іш – тамақты асықпай ішу | |
|--|--|--|--|--|--|

Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
«Оң жақта» .

Саусақ гимнастикасы

Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасау қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.

1. «Кір жуамыз». Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.
2. Тары мен күрішті жинау. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады.
3. Қуыршақтың белбеуін байла. Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады.



Ойын: «Оң жақта»

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.

Ойын барысы: балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.

1 нұсқа: педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.

2 нұсқа: педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.

3 нұсқа: педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді. Қажетті заттар: әртүрлі ойыншықтар.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | <p>Дене шынықтыру Міндеті: - кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; Мақсаты: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету</p> <p>Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар,</p> | <p>Музыка Міндеті: -Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету Мақсаты: динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу Музыка тындау: «Аққу» (Н. Тілендиев, ұнтаспа) Ән айту:</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу Мақсаты бұлдіршіндерге жүрудің, жүгірудің, өрмелеудің, еңбектеудің қарапайым дағдыларын үйрету. Баланың эмоционалдық көңіл - күйін еркін білдіруіне қолайлы жағдай туғызу. Ойын арқылы белсенділігін арттырып, психогимнастикалар арқылы баланың ішкі жан дүниесін сезінуіне мүмкіндік туғызу, балалардың логикалық ойлау</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр) Мақсаты Допты басымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеуді жалғастыру. Аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту Күтілетін нәтиже Жасайды: доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, «Күлімдейміз күндей» ойын жаттығуы, допты басымен итеріп жер бауырлап еңбектеп жүру.</p> | <p>Музыка Міндеті: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Мақсаты Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту</p> <p>Музыка тындау: «Аққу» (Н. Тілендиев, ұнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е.</p> |
|--|--|--|---|---|--|

| | | | | | |
|---------------------------------|---|---|--|--|--|
| | <p>жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек</p> | <p>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»</p> | <p>қабілетін дамыту. Ана тауық елендеп: Мынау ненің дауысы екен білесіңдер ме? Бұл сендердің басты жауларың - тарғыл мысық «ыс - ыс - ыс» деп айбат шегіп, балапандарды үркіте бастайды. (балалар алаңда бытырай жүгіреді.) Ана тауық: Әй тарғыл мысық, тиме менің балапандарыма, тұмсығыммен өзіңді шұқып аламын. Мысық: Мияу, мияу, мықтыларға тимеймін, мен тек әлсіз балапандарды ғана жеймін. Кім мен сияқты жер бауырлап барып, ағашқа өрмелей алса, сендерге тимеймін, ал қай балапан жасай алмаса, сол менің бүгінгі асым болады. Негізгі қимыл: Балалар 2 коллонаға тұрып, еңбектеп гим. скамейканың астынан өтіп, гим. қабырғаға өрмелеу. Мысық: Мияу - мияу Күштілерге тимеймін Балапан етін жемеймін. Ана тауық: Жарайды, тарғыл, енді бізбен бір ойын ойна. Қимыл ойын: Тарғыл мысық және балапандар. Ойынның мақсаты: Кеңістікті барлай отырып алаңдағы өз орындарын табуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Бала бойында ептілік, табандылық секілді қасиеттерді қалыптастыру.</p> | <p>Түсінеді: допты екі жағынан қысып ұстау, сапта тұрып арақашықтықты сақтау, допты жерге соғылғаннан кейін қағып алу, «арқасына аунау» термині. Қолданады: үш тізбекке тұру дағдысы, доппен түзету жаттығуларын орындау, еңбектеп жүру, залмен қозғалғанда кеңістікті бағдарлау, арқасына аунағанда дұрыс жиналып Жұмырлану</p> <p>4 метрге допты басымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеу. (2 рет) Жаттығуды орындағанда өздері білетін жер бауырлап еңбектеу дағдыларын қолданады. Денені жинап алып отырған күйден алдыға-артқа домалау (5 рет). Тізелерін біріктіріп, қолдарын жерге тіреп, иығын қол басының деңгейіне келтіріп, басын түзу ұстау. Осы қалыптан барлық негізгі акробатикалық жаттығулар басталады</p> | <p>Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> | <p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> |

| | | | | | |
|---------------|---|---|--|---|---|
| | | | | | |
| Серуен | <p><i>Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: « Қояндар секіреді » . Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » . Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!?! Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә.</i></p> | <p><i>Бақылау: Өткініші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткініші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақишаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек : Ағаш түптерін қосыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қосыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Кім тезірек? » Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар</i></p> | <p><i>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырағанының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады. Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .</i></p> | <p><i>Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Дидактикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » . Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: . « Доппен ұрып алу » . Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. « Бір, екі , үш » дегенде балалар жан-жаққа қашады.</i></p> | <p><i>Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні , қайда мекендейтіні , тұмсығы дәне пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырағанының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. Ойын: « Шымшық доп » . Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » . Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , жылдам тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға</i></p> |

| | | | | | |
|-------------------------------------|--|--|---|---|---|
| | <p><i>Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар: жоқ, аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда!</i></p> <p><i>Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянгандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .</i></p> | <p><i>қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » .</i></p> | | <p><i>Жүргізуші доппен ұрады. Кімге тисе сол ойыннан шығады: Ойын осылай жалғасады. Еркін ойын: « Қуыршақты киіндіреміз » . « Отбасы » Тренинг: « Біз көңілді балалар » .</i></p> | <p><i>үйрету. Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады. Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойнынан айқара айналдыра байлайды. Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді. Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады. Лентасынан айрылғандар уақытына бір жаққа шығып тұрады. Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді. Ойын жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып, қайталанады. Тренинг: « Құс болып ұшайық »</i></p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Нұржігіт пен Балаусаға сандарды санауға үйрету. Д/ойын: «Кім жылдам!</p> | <p>Нұржігіт пен Балаусаға сөздерді анық айтуға үйрету. Д/ойын: «Сөзді айтуға көмектес»</p> | <p>Нұржігіт пен Балаусаға пішіндерді ажырата білуге үйрету. Ойын: «Пішіндер доминосы»</p> | <p>Нұржігіт пен Балаусаға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»</p> | <p>Нұржігіт пен Балаусаға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| <p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</p> | <p>Пазл ойындары.</p> | <p>Ж.Р.О:«Шаштараз»</p> | <p>Д/ойын: «Сықырлы қорап»</p> | <p>Суреттер, ертегі кітаптар қарау.</p> | <p>Еркін ойындар</p> |
| <p>Балаларды үйге қайтару</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p> |
| | | | | | |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды О сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 13 - 17 қараша 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|---|--|--|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы:Гүлдердің іңшаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі? | Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о: «Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру | Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру | Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау | Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды коқысқа тастау |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | Құрылыс ойындары: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз». | Фотосуреттер қарастыру: «Бидай мен қаңбақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойыншасурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қаңбақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету. | «Біз дәнбіз» диқан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді)Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды) | Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды. |

| | | | | | | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|--|---|--|--|---|
| <p>Таңертеңгі жаттығу</p> | <p align="center">Таңертеңгі жаттығу кешені (доппен)</p> <p>Сапта бір қатармен жүру және жүгіру Қатарға бөлініп тұру б.қ аяқ арасын сәл ашып, қолды жаңға түсіріп тұру, оң қолда доп. Оң қолды жоғары көтеру, сол қолды жоғары көтеру, допты оң қолдан, оң қолдан сол қолға ауыстырып, бастапқы қалыпқа келу (6-8 рет) б.к. аяқты қосып, қолды төмен түсіріп тұру. Оң аяқты жаңға қою, оңға бұрылу, допты еденге ұрып, қос қолмен қағып алу, бастапқы қалыпқа келу, сол жақта орындау. (6-8 рет) б.қ екі аяқтың арасы ашық, доп-оң қолда. Алға қарай төмен иіліп, оң қолдағы допты сол қолға ауыстырып, сол аяқтан айналдырып беру. Б.қ келу, соны келесі жақтан қайталау. (6-8 рет) аяқты алшақ ұстау, доп оң қолда, отырып допты жерге бір рет ұрып. Қағып алу, тұру, б.қ келу. Сол жақта қайталау. (6-8 рет) б.к. тізерлеп өкшені басып отыру, доп -оң қолда, оңға қарай иіліп, домалату, б.қ келу, сол жақта қайталау (4 рет) б.к екі өкшені қосып, аяқтың ұшын ашып, допты жерге ойып тұру. Доп жанында қос аяқтап секіру. Жүгіру, жүру. Тыныс алу жаттығуы Дене шынықтыру</p> | | | | | | | | | |
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | <p>«Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.</p> | <p>«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!</p> | <p>«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.</p> | <p>«Көлбең, көлбең, көлеңкем» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан</p> | <p>«Күлімде, Күн, күлімде» Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ</p> | | | | | |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p align="center">1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p> <table border="1" data-bbox="409 1161 2125 1465"> <tr> <td data-bbox="409 1161 750 1465"> <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Мақсаты Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру;</p> </td> <td data-bbox="750 1161 1055 1465"> <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты: буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> </td> <td data-bbox="1055 1161 1413 1465"> <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> </td> <td data-bbox="1413 1161 1749 1465"> <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> </td> <td data-bbox="1749 1161 2125 1465"> <p>Көркем әдебиет Міндеті: –Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу (Ақмақ қасқыр) Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;</p> </td> </tr> </table> | | | | | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Мақсаты Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру;</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты: буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: –Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу (Ақмақ қасқыр) Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;</p> |
| <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Мақсаты Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру;</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты: буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Мақсаты буын туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі.</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: –Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу (Ақмақ қасқыр) Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;</p> | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|-----------------|---|--|--|--|--|--|--|--|---|--|--|
| | <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; Түсінеді: хайуанаттарға камқорлық көрсету керек екенін; Қолданады: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады</p> <p>Қ.Мырза Әлидің «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп оқу «Таңдап ал да, атын айт».</p> <p>Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін тандап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді</p> | <p>Түсінеді: буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. Қолданады: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады.</p> <p>Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады. Буын – бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Педагог сызғыштың суретін көрсетіп, осы сөзді буынға бөлдіреді. – Сыз-ғыш – екі буын. – Балалар, сендер сөзді тіктөртбұрышпен белгілейтінімізді білесіңдер. Сөзді буынға бөлу үшін, осы тіктөртбұрышты сызықшалармен бөлеміз. Буындардың жазылуын сызба түрінде былай көрсетеді (тақтаға сызып көрсетеді немесе сызбасын іледі): сыз-ғыш</p> <table border="1" data-bbox="768 1090 1043 1121"> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Педагог суреттерді көрсетіп, осы сөздерді буынға бөлдіреді. ө-шір-гіш</p> <table border="1" data-bbox="768 1233 1043 1265"> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Тіктөртбұрыш сөзді білдіреді, ал сөзде неше буын болса, төртбұрышты сонша бөлікке жоғарғы жағын сәл шығарып бөлеміз</p> | | | | | | | <p>Түсінеді: буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. Қолданады: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады «Сөз жарыс» дидактикалық ойыны – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p> | <p>Түсінеді: буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. Қолданады: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру». Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап)</p> | <p>Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сюжет бойынша ертегіні сахналауға қатысады.</p> <p>Ертегі жүйесін сурет бойынша айтып бер. Үй жануарларын ата. Үй жануарлары туралы не білесің? Қой қасқырды қалай алдады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды? Досыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 2. Қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екіпінде айт. (Педагог балаларға қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екіпінде айтқызып, қайталатады). 3. Ұйқасын тап. Моп-момақан өзі, Сүп-сүйкімді (қозы) Педагог ұйқасын табуды ұсынады, жеке жұмыс жүргізеді. Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал». Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сикырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады</p> |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| Үзіліс : | | | | | | | | | | | |

| | | |
|--|--|---|
| <p>Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ Ойын:<i>Жүретін саусақтар</i>. Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білегін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.</p> |  | <p>Үстел үстінде ойналатын ойындар. Ойын: «Жуылмаған жемістер»(5-10 мин) Мақсаты:Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту,жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету. Керекті құралдар:Кез-келген жеміс(сәбіз,картоп),қатты ысқыш,шұңқыр ыдыс. Мазмұны: Ортаға үстел қойып,сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз.Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді.Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.</p> |
|--|--|---|

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|---|
| | <p>Қоршаған орта Міндеті: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сұрту Мақсаты Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту</p> <p>суреттерді қарап шығып, өсімдіктердің ортақ белгілерін табуды сұрайды. Суреттермен танысып шығады. Содан соң олардың ортақ белгілерін атап көрсетеді: сабағы, жапырағы, гүлі мен тамыры. Айырмашылығы: жапырақтарының түсі мен пішіні. Күрделі сұрақ: жасанды гүлді</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Мақсаты: ұзындық – заттардың созылық болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Мақсаты ұзындық – заттардың созылық болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар –</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Мақсаты ұзындық – заттардың созылық болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында</p> | <p>Қоршаған орта Міндеті:- Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сұрту Мақсаты Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту , Педагог бөлме гүлдерін мұқият қарап шығып, оларды зерттеуге шақырады. Қазтамақ гүлімен танысып шығады. Қазтамақ гүлі бұтаға көбірек ұқсайды. Оның сабағы тік, жапырақтары дөңгелек пішінді, ашық-жасыл түсті болып келеді. Қазтамақтың гүлі өте мол болады. Гүлдерінің түсі әртүрлі: қызғылт,</p> |
|--|---|--|--|---|---|

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|---|
| | <p>көрсетіп, «Оны өсіруге бола ма?» – деп сұрайды. Педагог балаларды «объективті деректер бойынша бөлу» техникасын пайдалана отырып, топтарға бөледі. Топқа бөлінеді. Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба, қараторы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылықтарына қарай). Педагог тапсырманы түсіндіреді: парақтың ортасына бөлме гүлінің суреті бейнеленген немесе БӨЛМЕ ГҮЛІ деп жазылған карточканы орналастырыңдар. Қоршап сызындар. БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІ деген сөз айтылған кезде көз алдарына елестейтін басқа заттар туралы ойлап көріңдер. Карточкалардың арасынан БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІН білдіретіндерін немесе ойындағы затты білдіретінін таңдап алыңдар; Оларды бірінші шеңбердің айналасына орналастырып, орталықтағы шеңбермен сызық арқылы қосыңдар. Әр топ қолдағы бар материалдар жиынтығын жасайды. Мысалы: БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІ сөзінің айналасынан құмыра, топырақ, су сепкіш, таяқша, қазтамақ т.б. сөздерді/суреттерді көруге болады.</p> | <p>білуге үйрету; түсінеді: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» Педагог «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді. Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді. Эксперименттік іс-әрекет 1. Педагог балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады. Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. – Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі) 2. Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз. Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың</p> | <p>кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; түсінеді: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. Демонстрациялық материалмен жұмыс, жолақтарды салыстыруды ұсынады. – Қай жолақ ұзынырақ? (Бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы. Мұны жасаған кезде жолақтардың шеттеріне сәйкес келетінін көз жеткізіңіз). – Сонда не істеу керек? (Үстіне қою, жақындату). Өлшем ретінде – таяқшаларды (кесектер, «Лего» құрастырмасының бөлшектерін және т.б.) ұсынады. Мысалы , Лего: Жолақтарға қанша кішкене бөлшектер сәйкес келеді? Педагог шартты өлшемді қолдану арқылы өлшеу әдісін көрсетеді, орындалған іс-әрекеттерін түсіндіреді, балаларды өлшеу нәтижесінің процесін талқылауға шақырады. Бірінші жасағанымыз – өлшеуішті таңдадық. – Өлшемді неден бастаймыз? (Жолаққа өлшеуішті жақындату). Өлшеуішті өлшейтін заттың ең шетіне</p> | <p>қолдана білуге үйрету; түсінеді: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы? Топтық жұмыс. Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды.</p> | <p>ақ, қоюқызыл болады. Гүлдер қолшатыр сынды гүл шоғырына біріккен. Бұл өсімдік күнді өте жақсы көреді және көп су ішеді. Колеус – ірі өсімдік. Халық арасында ол «қалақай» деп те атайды. Ол бұтаға ұқсас болып келеді. Сабағы ұзын, ашық жасыл түсті, бояуы қанық. Жапырақтары сопақша пішінді, ала- ала, жиегі ұсақ «тістермен» көмкерілген. Колеус күнді жақсы көреді. Егер ылғал мен жарық жеткіліксіз болса, түсі бозарып, бойы ұзарып өсіп кетеді. Көпжылдық традесканция гүлі де бұтаға ұқсайды. Оның бір емес, бірнеше сабағы болады және олар құмырадан салбырап тұрады. Яғни бұл – шырмалып өсетін өсімдік. ҰОҚ-да жасыл түсті, тегіс, бояуы қанық, сопақ пішінді жапырақтары болады. Узамбар шегіргүлі. Өсімдікті мұқият қарап шығады және оның жапырақтарының пішіні мен түрі қандай болып келетінін айтып береді. «Гүлдер» атты дидактикалық ойын ойнауды ұсынады. Мақсаттары: балалардың бөлме гүлдері мен бақша гүлдерін атауларын білу және оларды жіктеу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрып тұрады. Балалардың бірі бөлме гүлінің атын айтады (қожағай), содан соң допты көрші балаға береді. Ол басқа гүлдің атын айтады (бегония). Ойын осылай жалғаса береді. Жауап бере алмаған бала ойыннан шығады. Екінші айналымда ойынды жүргізуші бақша гүлінің атын атайды. Ойын әрі қарай жалғасады</p> |
|--|---|--|---|--|---|

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | | <p>эртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды. 3. Педагог екі баланы шақырады ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды. Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды. Пікірталастан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету). Бұл өлшемді барлық адамдар пайдаланады. Оны шартты өлшем деп те атауға болады</p> | <p>сәйкестендіру керек. – Енді не істейміз? Өлшемнің сонын қарындашпен белгілейміз, белгіге кері өлшеуішті қойып өлшемді жалғастырамыз. Бірінші рет өлшеуішті қойып өлшеуіштің сонын белгілеген жерге, ойыншық немесе бір затты белгі ретінде қою керек. Ол бізге өлшеу бір рет толығымен орындалғанын айтады. Өлшеуішпен кері өлшедік, белгіленген сызыққа жылжытып, өлшеуіштің сонын кері белгілеп ойыншық қойдық, ол бізге өлшеу тағы бір рет толығымен орындалғанын айтады. Өлшеу ережелерімен алғашқы танысу кезінде педагог балаларға өлшеу әдісі мен ережелерін көрсетеді, талқылайды, қорытындылайды, нәтижесін анықтайды. Содан соң балаларға өз бетінше өлшем жасауды ұсынады. Балалар іс-әрекеттерін түсіндіреді, содан кейін өлшеу нәтижелерін бірге талқылайды. Балалар өлшемдерді санап, жазып алады (саны бар карточканы көрсетеді), сұрақтарға жауап береді. Балаларға өлшеу ережесін белгілеуге көмектеседі: өлшемдерді бірінен соң бірін, арада бос орын қалдырмай орналастырып, санау керек. Ұзындықты</p> | | |
|--|--|--|---|--|--|

салыстыру үшін өлшеу керек деген қорытынды жасайды

Үзіліс:

Сюжеттік - рөлді ойын: «Көше»
Мақсаты: Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобуска міну, көшеден өту ережелерін үйрету.

Жағдаят:

Бағдарламалық мазмұны:

1. Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту.

2. Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің ролін ойнауды үйрету.

Атрибуттар: түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі, реттеушінің таяғы.

Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.



Саусақ ойындары
Ойын: «Су толтыру»
Мақсаты: Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету.

Керекті құралдар: шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке.
Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.



Тіл дамыту жаттығуы


Саусақ ойыны: «Не өзгерді?»
Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.
Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультяжы.
Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.




Тіл дамыту жаттығуы

Психологиялық ойын:
Ойын: «Атомдар мен молекулалар»
Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген.
Ойын шарты: «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».

Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары
Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы
Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.
Ойын шарты: Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сныр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.





3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|---|
| | <p>Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: апта күндерінің қазақша айтады. : қойылған сұрақты түсінеді. Қолданады: апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалар дүйсенбіде доп ойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды. Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі</p> | <p>Қазақ тілі Міндеті: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді, тақпақ жаттайды. Түсінеді: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсінеді. Қолданады: таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: -бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру Мақсаты Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; Түсінеді: хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; Қолданады: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады «Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау. Жаңылтпаш жаттау Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай?</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: - Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру (Ақмақ қасқыр) Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сюжет бойынша ертегіні сахналауға қатысады. Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің басқа жанрдан айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (қосымшаны қараңыз). Сөздік жұмыс: өріс – мал жайылатын,</p> | <p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Мақсаты:- Сюжеттік композицияларды салдырып, мүсіндеп, жапсырып, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p> |
|--|---|--|---|---|---|

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | | <p>– Сәлеметсіздер ме?! Қуыршақтар хат алып келеді. Педагог: Қарандаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті). – Қандай керемет, мына суретте кім бар? Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді</p> | | <p>шөбі қалың жер қалың ши – су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады? – Ертегі қалай аяқталды?</p> | |
|--|--|---|--|---|--|

Үзіліс: .

Аз қимылды ойын: «Кім алысқа»
 Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шашпандылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.
 Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.



Қимылды ойын: «Сақинаны лақтыр»
 Мақсаты : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.




Сюжетті-рөлді ойын:
 « Құрылысшы »
 Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.
 Тәрбиешінің іс-әректі: Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.



Қимылды ,еңбек ойын:
 «Ойын алаңын тазалау »
 Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.
 Құралдар: Сыпыртқы, күрек, қап;
 Ойын шарты: Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты коқысқа төгеді.
 Жеке жұмыс Камиллага қазақша қыс туралы тақпақты Жаттату:
 Қандай қызық қыс деген,
 Бәрін шебер істеген.
 Бакша, бауды, тауды да
 Бояған аппақ түспенен.



Қимылды ойын:
 «Күн мен жаңбыр»
 Мақсаты: Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру.
 Ойынның шарты:
 Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендендер», - дейді, ойын қайта басталады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | <p>Дене шынықтыру Міндеті: - гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету Күтілегін нәтижелер: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді. Түсінеді: тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін. Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)</p> | <p>Музыка Міндеті: -Музыканың сипатын бейнеленің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту Мақсаты Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру</p> <p>Құрсаумен орындалатын құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: - Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру Мақсаты - Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру</p> <p>Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!» Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады.</p> | <p>Музыка Міндеті: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату</p> <p>Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»</p> |
|--|---|---|--|--|--|

| | | | | | |
|-------------------|---|---|---|--|--|
| | | | | | |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| Серуен | <p>Күнді бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күннің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдыңда балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) Көркем сөз: Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалшев Қимылды ойын: «Қоңыздар» Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.</p> | <p>Ағаштарды бақылау Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»</p> | <p>Шықты бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.) Жұмбақ: Мөлдiреген жүзiмдi, Ұстап едiм, езiлдi. (Шық) Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емесің, ұсақпын, Мойнына ешкім таға алмас (Шық) Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар» Алаңдағы еңбек: қураған өсімдіктерді жинау.</p> | <p>Күзгі аспанды, бұлтты бақылау Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру. Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал иеттері ақиыл.) Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар) Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны. Жұмбақтар: Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді, Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр) Күндер қысқарады, түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз) Жұмбақ: Көлігі жоқ, көшеді,</p> | <p>Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді лаптауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ» Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай</p> |

| | | | | | |
|---|---|--|---|---|---|
| | | | | Өзін кезбе деседі. (бұлт) Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау». Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау) | білуді үйретеді. Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау |
| Балалармен жеке жұмыс | Нұржігіт пен Балаусаға қаламды дұрыс қолдануға үйрету. | Нұржігіт пен Балаусаға түстерді ажырата білуге үйрету. | Нұржігіт пен Балаусаға құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. | Нұржігіт пен Балаусаға қаламды дұрыс ұстауға үйрету. | Нұржігіт пен Балаусаға суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар | Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. | Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. | Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады. | Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. |

| | | | | | |
|--------------------------------------|--|--|--|--|--|
| <p>Балаларды үйге қайтару</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p> | <p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдык жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p> |
| | | | | | |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды О сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі ІІІ-апта 20 - 24 қараша 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|--|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады. Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.) | Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады) | « Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау | «Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу, сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады) | «Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, шаңдарын сүрту. Ойын: « Күншуақ » Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел | Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал-мәтел жаттау. Суретті кітапшаларды бояу. | « Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: сөздік қорын дамыту. | «Сыйластық» туралы әңгімелесу. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | « Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, | Д/О «Достық неден басталады» Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер. |

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | ақкөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету. | |
| Таңертенгі жаттығу | <p style="text-align: center;">Таңертенгі жаттығу кешені (текшемен)</p> <p>Жүру, өкшемен жүру, жүру, аяқтың ішкі қырымен жүру, жүгіру, звеноға бөлініп тұру. «Аяқты артқа». Б.қ. —1 –қолды көтеріп созу, оң аяқты артқа ұшына қою, басты көтеру; 2 — б.қ келу.; 3 — сол жаққа қайталау. (8 рет). «Бұрылу». Б.қ. –аяқ алшақ, текшелер астында. 1 –текшелерді алға, оңға бұрылу; 2 –б.қ. оралу; 3 –солға қарай қайталау. (8рет). «Еңкею». Б.қ. — текшелер артында. 1-2 –алға еңкейіп, текшелерді биікке көтеру; 3-4 –б.қ. оралу.(8 рет). «Ұшына тигіз»б.қ. –отырып, аяқ екі жақта, текшелер тізеде 1-2 – текшені биікке көтеру 3-4 –оң аяққа еңкейю, текшені аяқ ұшына тигізу; 5-6 –б.қ оралу. Солға қарай қайталау (6 рет). «Текшеге жеткіз!». Б.қ. –арқамен жатып текшелер кеудеде. 1-2 –текшелерді биікке көтеру; 3-4 –паяқтарды көтеріп текшеге тигізу; 5-6 –б.қ оралу. (4 рет). «Текшені артқа». Б.Қ. –аяқ алшақ 1. 1-3 — текшелерді артқа созу; 4 — б.қ оралу. (4 рет). «Секірейік!». Б.қ. –текшелердің алдында тұру, кол төменде. Текшелерді айналып секіру оңға қарай солға край (8 рет). Тыныс алу жаттығулары Дене шынықтыру</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады. | Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу | «Менің досым»ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, такпақ сұрайды. | «Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады. | - Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | Сөйлеуді дамыту Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектіңқажеттілігін; | Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты: сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады. Түсінеді: бір буында бір | Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке | Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты . сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру Күтілетін нәтиже: | Көркем әдебиет Міндеті : : айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңге қызығушылық танытады; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойын айтады, |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | <p>Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады</p> <p>Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездесе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездесе, тыныш отырады</p> | <p>дауысты дыбыс барын.</p> <p>Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады – Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті. «Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады. Сендерден өзінің атын буынға бөліп беруін сұрап отыр. – Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу. – Бірінші буынын кім айтады? – Бірінші буыны – Ай. – Екінші буыны – -сұ. – Үшінші буыны – -лу. – Дұрыс, үш буыннан тұрады. – Себебі үш дауысты дыбыс бар. Балалар өз аттарын буынға бөліп айтып береді. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады. Мысалы: А-рай, А-сыл</p> | <p>айтады.</p> <p>Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын.</p> <p>Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады</p> <p>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт, қар-ға, тыр-на, тор-ғай, та-бақ, ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қай□шы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады</p> | <p>Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады.</p> <p>Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын.</p> <p>Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады</p> <p>1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.</p> <p>2. Суреттерді ата. Буынға бөл. Сөздер неше буыннан тұратынын айт.</p> | <p>басқалардың пікірін тыңдайды</p> <p>Дәптермен жұмыс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата. 2. Суретте не бейнеленген? Сен Нұр-Сұлтан қаласында болдың ба? 3. Сурет бойынша саяхат жасайық. 4. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Туған жерге туыңды тік. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Мақалдың мазмұнын түсіндіреді. – Туған жеріңе лайық бол, әрқашан биіктен көрінуге талпын. Ондай адамдар әрқашан өз елін қорғайтын азамат болады |
|--|--|--|---|--|---|

Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о!**» деп таң қалды. Кәне, бізде айтып



Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?
Ыы.....Ыс – с – сссс

**Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»****Мақсаты:**

Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу

Ойынның шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады.

Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды», деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тындай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.

Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.

Ойын 2-3 рет қайталанады.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет****Қоршаған орта**

Міндеті: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату
Мақсаты Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.

Күтілетін нәтижелер:
жасайды: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр

Математика негіздері

Міндеті: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру
Мақсаты : геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндерді атауды, сандықты безендіруді;

түсінеді: шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін; **қолданады:** қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы,

Математика негіздері

Міндеті: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру
Мақсаты: геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру

Күтілетін нәтижелер:
меңгереді: пішіндерді атауды, сандықты безендіруді;
түсінеді: шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні,

Математика негіздері

Міндеті: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру
Мақсаты геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру

Күтілетін нәтижелер:
меңгереді: пішіндерді

Қоршаған орта

Міндеті: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі
Мақсаты Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.

Күтілетін нәтижелер:
жасайды: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|---|
| | <p>аркылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді.</p> <p>түсінеді: өсімдіктердің дамып жетілу кезеңдерін түсінеді.</p> <p>қолданады: өсімдіктерді күтім жасаудың қарапайым жолдарын; тәжірибелік жұмыстар жүргізу қабілеттерін пайдаланады</p> <p>Суреттерді қарап шығып, талқылауға қатысады. Гүлдің даму кезеңдерімен танысады. Алдымен болашақ гүл жерге құлап түсіп, өсіп-жетілуіне мүмкіндік беретін тұқым-бесікте кішкентай сәби секілді күш жинайды. Содан соң мен тұқымды құнарлы жерге көміп, үстінен су құйдым. Жылы әрі ылғал топыраққа түскен гүл-балақай ұйқысынан оянып, өсе берді, өсе берді... Міне, ол аздап өсті. Енді оның «қаялықтары» кішілік ете бастады. Гүл-балақай «қаялықтан» шыға бастады. Бірақ оны әлі гүл деуге болмайды. Ол әлі өскін. Су құйылып тұрған соң, күн нұрынан нәр алған өскін нығайып, көлемі үлкейді және ең алғашқы жапырағы пайда болды. Жапырақтары біртіндеп көбейе берді, көбейе берді. Енді, міне, ең алғашқы гүлдері де пайда болды. Бірер күнде қайталанбас сұлулыққа толы гүл ашылды. Біз оған сүйсініп қызықтай қараймыз. Гүлдің ашылуы – нағыз таңғажайып оқиға! Педагог балаларды</p> | <p>тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды</p> <p>Педагог түстері әртүрлі шаршы мен тіктөртбұрышты көрсетеді. – Бұл не? (Шаршы.) – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің. (Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.) – Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.) – Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш. – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында... – Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар? Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді. – Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық. – Балалар, тәрелкедегі шаршы мен тіктөртбұрышты алып, алдарыңа қойыңдар. – Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырыңдар. Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіріңдер. – Тіктөртбұрыш пен шаршының қабырғалары туралы не айтуға болады? (бір қабырғалары бірдей, ал тіктөртбұрыштың екі қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырақ)</p> | <p>өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін;</p> <p>қолданады: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды</p> <p>Топпен жұмыс Санамақ аркылы балалар 4 топқа бөлінеді. Педагог балаларға белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығын (әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) таратады. Әрбір топқа бір пішіндегі фигуралар беріледі. Балалар пішіндер қандай да бір белгі – үлкен – кіші, сондай-ақ түс бойынша бөлуі және бөлудің өз нұсқаларын ұсынуы тиіс. Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады). Одан кейін педагогтен балалар жұмыс істеген заттардың қалай аталатынын сұрайды. Педагог пішіндерді кезек-кезек</p> | <p>атауды, сандықты безендіруді;</p> <p>түсінеді: шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін;</p> <p>қолданады: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды</p> <p>«Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды.</p> | <p>өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді.</p> <p>түсінеді: өсімдіктердің дамып жетілу кезеңдерін түсінеді.</p> <p>қолданады: өсімдіктерді күтім жасаудың қарапайым жолдарын; тәжірибелік жұмыстар жүргізу қабілеттерін пайдаланады</p> <p>Балаларды өсімдіктердің көбею жолдары жайында қарапайым түсініктермен таныстырады (бадана, түйнек, өркен). Балаларды тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады: Гүлдің баданасын қалай егеміз? (Педагог көрсетіп береді). шұңқыр жасап, таяқшаны топыраққа тығамыз және айналдырамыз; бадананы (тұқым) қазылған шұңқырға орналастырамыз; төңірегіндегі топырақты басып, нығыздаймыз, бірақ оның сабағына қатты жақындамаймыз сонан соң оған су құямыз. Балалар гүлдің баданасын егеді. Балалар жапырақтарды санап, есінде сақтайды. Жаңа жапырақ шығып, бадана топыраққа тамыр жая бастады деген сөз. Гүлге су құяды. Педагог балалардан бұршақтың не екенін сұрайды. Ол дән бе, тұқым ба? Тұқыммен тағы қандай дақылдарды егуге болады? (Қызанақ, қияр және т.б.) Педагог тарапынан ұсынылған «Кімге/неге айналамыз?» ойынына қатысады. Тұқым неге айналады? Жұлдызқұрт неге айналады? Жұмыртқа кімге айналады? Балапан кімге айналады? Ұн не болады? Бала кім болады?</p> |
|--|--|---|---|--|---|

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|--|
| | <p>тәжірибеалдық жұмысқа тарта отырып (әліппе-дәптердегі тапсырма) олардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады. Тәрбиеленушілерге гүлдердің баданасын, түйнегі, өскіні, тұқымын көрсетеді. Бұл не? Бұлардың өсімдіктерге не қажеті бар? деген сұрақтар қояды. Балалар үлкейткіш әйнектің көмегімен тұқымдар жиынтығымен танысады. Олардың пішіні, түсі мен көлемі туралы әңгімелейді. Қайсысының салмағы ауыр екенін анықтау үшін оларды өлшейді.</p> | | <p>атайды. Мысалы, шаршылар. Шаршысы бар балалар тұрып, басқа балаларға көрсетеді. 5-кестемен жұмыс істеу. Тапсырма: «Бұл неге ұқсайды?» – пішініне сәйкес заттарды табады.</p> | | |
|--|---|--|---|--|--|

Үзіліс:

| | | | | |
|---|--|---|---|--|
| <p>Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p> | <p>Қимылды ойын:« Көгі-гөк » Мақсаты: Шапшандыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгі гөк. Гөк, гөк, көгі гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей.</p> | <p>Қимылды ойын: « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үнгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар,</p> | <p>Қимылды ойын: « Шарлармен алмасу » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p> | <p>Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Ойынның шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады,</p> |
|---|--|---|---|--|

| | | | | |
|--|---|---|--|--|
| | <p>Өлгің қайда? - Қалды сайда! - деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p> | <p>қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздардың санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p> | | <p>тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</p> |
|--|---|---|--|--|

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | <p>Қазақ тілі Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу Мақсаты -тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Тақпақ жаттау. Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.</p> | <p>Қазақ тілі Міндеті: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Мақсаты Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін; Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады Мақал-мәтелдерді қайталау. 1. Анаға бала алтыннан да қымбат. 2. Жаны саудың – тәні сау. 3. Ата – балаға сыншы. 4. Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: : айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңге қызығушылық танытады; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойын айтады, басқалардың пікірін тыңдайды – Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің</p> | <p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару Мақсаты:- - ертегі желісі бойынша сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету Топтық жұмыс</p> |
|--|--|---|--|---|---|

| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| | | | <p>бақытты ұландарымыз. – Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды. Сөздік жұмыс: тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді еркіндік – ешкімге тәуелді емес, еркін ел теңге – біздің ұлттық төл ақшамыз – Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? – «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің</p> | |
| <p>Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»</p> | | | | |

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

1.Т: Күй сандықты ашайық

Б до- до- до

Т: тілдерін біз бастайық

Б: ре - ре - ре

Т: бас дыбысты бастайық

Б: ми - ми - ми

Г Жайлап әнге салайық

Б: до - до - до

2. Шалқып шығар сонда күй


Б: фа - фа - фа

Т: Бәрі до - дан басталар

Б: до- до -до

Т: До -ны қоштар басқалар

Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до

**Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»**

Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.

Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.

Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп, аяқтарын біріктіріп ұстап, параллель сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.

Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.

Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.

Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.

Ойынның ережесі

1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.

2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.

3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп, басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің, қарын, арқа, бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**Дене шынықтыру**

Міндеті: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру

Мақсаты: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру

екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру

Музыка

Міндеті: -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету

Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту

Музыка тыңдау:

«Туған ел» (Л. Хамиди)

Ән айту:

«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)

Дене шынықтыру

Міндеті: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру

Мақсаты арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіру

Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен

Дене шынықтыру

Міндеті: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру

Мақсаты) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру

«Классиктер»: бір құрсаудан екінші

Музыка

Міндеті: -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру.

Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту

Музыка тыңдау:

«Туған ел» (Л. Хамиди)

Ән айту:

«Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)
«Астана» (А. Досмағанбет)

| | | | | | |
|--------------------------|---|---|--|---|---|
| | | <p>«Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)</p> | <p>секіруді жетілдіру. (3 рет) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады</p> | <p>кұрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)</p> | <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)</p> |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|------------------------------|---|---|--|---|--|
| <p>Серуен</p> | <p>Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден сыбырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды). Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен. Көркем сөз: - Бұлт-ау көктен төнесің, Кайдан көшіп келесің, - Мухит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін! Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар». Мақсаты : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру. Аландағы еңбек . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.</p> | <p>Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру . Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап шүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар». Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшандыққа үйрету, Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.</p> | <p>Күзгі жәндіктерді бақылау Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді Неге қоныздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың дінгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу. Көркем сөз: «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемсің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой. Қозғалмалы ойын: «Инектің әні» Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Еңбек алаңында жұмыс істе</p> | <p>Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: Шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу. Аландағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.</p> | <p>Жаңбырды бақылау Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру. Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады. Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққанын тамашалау. Жолдарда қандай шалшық сулар пайда болғанын көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген? Тақпақ Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер! Сенен бақша, бауәнер Жадырасын туған жер Күміс моншақтама бер Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қонырауымен» Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру. Аландағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Тыныс алу жаттығулары "Түлкіні тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Бірінің артынан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай</p> | <p>Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.</p> | <p>"Шеберхана" үстел үсті ойыны. Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою</p> | <p>Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар». Мақсат-міндеттер: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін</p> | <p>«Түрлі-түсті гүл шоғы». Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру. - Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------|---|--|---|---|---|
| | ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады. (дене шынықтыру) | | түрлерін таратады. (сөйлеуді дамыту,) | жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. (көркем әдебиет) | Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаныз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу |
| Балаларды үйге қайтару | Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз . | Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды О сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі V1-апта 27 - 30 қараша ,1 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма 01.12 |
|---|---|--|--|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау.Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы:Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау | Ойын: «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздерінді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,түбін копсыту | Ойыншықтар күтімі жайлы әңгімелесу,жұмбақтар шешу Еңбек тапсырмасы:балықтардың суын тазалау, жем беру. «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту | «Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» Ойын. Шарты:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді. Еңбек тапсырмасы: Қуыршақтардың киімдерін жуу | Фотасуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру Еңбек тапсырмасы: Топты жинастыру,сөрелердің шаңдарын сүрту |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. | "Ойыншықтар дүкенінде" Мақсаты: Дүкенде өзін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу. | «Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу. | Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. | Допты қуып жет Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға,тез жүгіругі,түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу. |
| Таңертеңгі жаттығу | аңертеңгі жаттығулар кешен (құралсыз) 1.Жүру, аяқты жоғары көтеріп жүру, жүгіру. Аяқтың ұшымен жүгіру, жүру, тізбектеліп екі қатарға тұру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|---|
| | <p>Б.қ. аяқ бірге, қол төмен. Қолды жанына созу, жоғары көтеру, қолды шапалақтау. 4-5 рет</p> <p>Б.қ. аяқтың арасы алшақ, қол белде. Қолды алға созу, аяқтың ұшына, тізені бүкпей қолды тигізу, қолды алға созу, б.к. оралу. 4-5 рет қайталау.</p> <p>Б.қ. аяқтың арасы ашық, қол иықта. Қолды жоғары көтеру, қолды оңға-солға тербету, б.к. оралу. 4-5 рет қайталау.</p> <p>Б.қ. аяқтың арасы ашық, қол кеудеде. Қолды кеудеде ұстап, оң жаққа бұрылып, қолды сермеу, сол жаққа бұрылып, қолды сермеу. Қайта оралу. 4-5 рет қайталау.</p> <p>Аяқты алмастырып, қолды шапалақтап секіру. 7-8 сек</p> <p>Еркін тыныс алу жаттығулары. Дене шынықтыру</p> | | | | |
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | <p>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жінішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.</p> | <p>«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру. Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.</p> | <p>«Ойыншықтар айтысы» әңгімесін оқу. Сұрақ-жауап</p> | <p>«Не жоқ?» ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> | <p>«Дидактикалық тапсырма» «Кім жылдам» сурет құрастыру./машина, доп, қуыршақты киіндіру/</p> |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | | | | |
| | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау Мақсаты Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. «Қысқа дайындық» әңгімесімен таныс Мақал-мәтел: 1.Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. 2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3.Бейнетсіз рақат жоқ</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөлу Балалар, «Болады, болмайды» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен сендерге өлең жолдарын</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөлу «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны Шарты</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөлу «Буынды қос» дидактикалық ойыны – Балалар шеңберге</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу Мақсаты : сюжеттік бірзділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру . Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгіменің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: әңгімені өз ойымен мазмұндап береді</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | <p>оқимын. Мен өлеңдегі сөйлемді бастаймын, ал сендер «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсыңдар. Күйші болуға ... (болады), Биші болуға ... (болады), Ерке болуға ... (болмайды), Серке болуға ... (болмайды), Пысық болуға ... (болады). Кішік болуға ... (болады), Әкім болуға ... (болады). Ақын болуға ... (болады), Маман болуға ... (болады). Жаман болуға ... (болмайды), Айтпақшы, Жаман болуға ... (болмайды). (Қадыр Мырза Әли) – Жарайсыңдар, балалар, сендер ненің болатынын, ненің болмайтынын жақсы біледі екенсіңдер. «Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман</p> | <p>: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші)</p> | <p>тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады</p> | <p>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам». Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады. – Туған жерге туынды ... (тік). – Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (жер ырысы). Дәптермен жұмыс: 1. Біздің Отанымыз қалай аталады? Картадан Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларын көрсет. Тәуелсіздік күні қашан тойланады? Сен тұратын жерде оны қалай өткізеді? 2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле. 3. Суретті аяқтап, сал. Боя. 4. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, өз Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік</p> |
|--|--|--|--|--|--|

Үзіліс : Кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойындары

| | | |
|---|--|--|
| <p>Артикуляциялық тіл жаттығулары Тілге арналған: Суретті тіл ұстарту Ша – ша – ша Айшаның шанасы тама (ша) Са – са – са Қасқыр соқты Мұ (са) Ол – ол – ол Ағашта лимон м(ол) Ра – ра – ра Дүкеннен нан алды Са (ра) Із – із – із Тамаққа қосты сәб(із) Жу – жу – жу Ыдысты тазалап (жу) «Ат шауып келеді»</p> | <p>Кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Мен қайда отырамын...» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Қажетті заттар: жұп суреттер, не балалардың жеке заттары Ойын барысы: аталмыш ойынды ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында балаларды отырғызу үшін де пайдалануға болады. Барлық бала ортаға шығады. Үстел үстінде суреттер топтамасы жатады. Педагог әр балаға қай жерге отыру керектігі жөнінде нұсқау береді. Бала болса қолындағы суретпен салыстыра отырып, нұсқаудың дұрыстығын тексереді. Мысалы, Айгүл, есік алдындағы, терезенің сол жағындағы үстелге келіп, оң жағына отыр. Марат, педагог үстелі мен шкаф ортасында тұрған үстелге келіп, сол жағына отыр, т.с.с.</p> | <p>Кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Кеме» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Қажетті заттар: орындықтар, жануарлар суреттері, ойыншық жануарлар. Ойын барысы: бөлменің бір жағына 3-4 қатарға үш-үштен бір-бірінен бірдей қашықтықта орындықтар орналастырылады. Орындықтар теңіздегі «аралдар». Ал әр бала кезекпен кезек «кеме» болады. Әр «аралда» түрлі суреттер жасырылған (ойыншық жануар не түрлі жануарлардың суреттері). Кеме болған бала қай жануарға баратынын айтады. Педагог болса ол жануардың қай аралда жасырынып тұрғаны жөнінде бағдар береді. Бала болса педагог бағдарлаған «аралды» тауып, педагогтың жауабының дұрыстығына көз</p> |
|---|--|--|

| | | |
|--|--|---|
| <p>«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әрдыбысқа керекті жаттығулар алынады</p> <p>«Грибок» «Саңырауқұлақ» «Саңырауқұлақ» -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.</p> | | <p>жеткізуі керек.</p> <p>1 нұсқа: педагог тапсырманы ретімен береді. Берілген нұсқау барысында баланың тұрған нүктесі ескеріледі. Мысалы: алдағы екі аралдан жүріп өт, енді солға бұрылып, тағы бір аралдан өт, оңға бұрылып тағы бір аралдан өт те, атаған жануарынды ізде.</p> <p>2 нұсқа: педагог қажет «аралдың» орынын өзге аралдармен бағыттай отырып айтады. Мысалы, бұл «арал» көк түсті, ол сол жақта орналасқан, оның алдында ақ түсті «арал» бар.</p> <p>3 нұсқа: педагог балаға «аралдың» орналасқан жерінің сызбасын бере отырып, сызба бойынша балаға қажетті «аралды» көрсетеді. Бала өзіне қажетті «аралды» сызбаға қарай отырып дұрыс табуы қажет. Мысылы, сызбада (3x3) қажетті «арал» оң жақта, жоғарыда орналасқан., т.с.с.</p> |
|--|--|---|

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|
| | <p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: – белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау</p> <p>Мақсаты тұрмыстық техникалардың түрі және оның қажеттілігін түсіндіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тұрмыстық техниканы дұрыс пайдалануға, үлкендердің көмегінсіз электр тогына қосуға болмайтындығы туралы тапсырмаларды орындай/жасайды; • тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін түсінеді; • өмір қауіпсіздігі ережелерін | <p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: – Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша), оларды ажырата білуге жаттықтыру</p> <p>Мақсаты: сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру:</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;</p> <p>түсінеді: дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты;</p> <p>қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі</p> | <p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша), оларды ажырата білуге жаттықтыру</p> <p>Мақсаты: сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;</p> <p>түсінеді: дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты;</p> <p>қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі</p> <p>Топпен жұмыс Педагог балаларға фигуралар</p> | <p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша), оларды ажырата білуге жаттықтыру</p> <p>Мақсаты сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;</p> <p>түсінеді: дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты;</p> <p>қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі</p> <p>«Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны. Балаларға геометриялық</p> | <p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту</p> <p>Мақсаты - Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды: өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды атап көрсетеді.</p> <p>түсінеді: өсімдіктердің күтімге тәуелді екенін түсінеді.</p> <p>қолданады: өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым</p> |
|--|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | <p>қолданады. Ойын: «Жалғастыр». – Айжанның анасы демалыс күні үйдің ішін жинастырмақшы болды. Айжан анасына көмектесіп жүрді. Анасы оған кішкене ыдысқа су құйып берді, қолына шүберек ұстатты. Айжан ... (шүберекпен шаң сүртті). Балаларға Айжанның одан арғы іс-әрекетін өздері айтуды ұсынады. – Анасы шаңсорғышты алып шықты. Айжан шаңсорғышты өзі іске қоспақшы болды. Оған анасы рұқсат етпеді. Ол қызына былай деді: ... Егер балалар жауап беруге киналса, педагог көмектеседі. Анасы былай деді: – Қызым, шаңсорғыш электр тоғымен жұмыс істейді. Сенің қолың су. Сулы қолмен үтік, шаңсорғыш сияқты заттарды ұстауға болмайды. – Анасы Айжанға не үшін шаңсорғышты іске қосуға рұқсат бермеді? Педагог суретті көрсетеді. Суретте электр желісін су қолмен ұстап жатқан көрініс бейнеленген. – Ешқашан су қолмен электр жүйесіне жақындауға болмайды! Өйткені су электр тоғын өте жақсы өткізеді. «Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үй жиһаздарын атайды. Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады. «Қызметіне қарай ата» ойыны. – Қайнатады, ол не? – Шәйнек. – Суытады, ол не? – Тоңазытқыш. – Жылытады, ол не? – Пеш. – Тазалайды, ол не? – Шаңсорғыш. – Үтіктейді,</p> | <p>Тақтаға қарандар-бұл сопақша. Бәріміз қайталаймыз – сопақша. Педагог өлең оқиды. Мен сопақпын, мен сопақ Ұзартылған домалақ . Соңым жоқ, басым жоқ Енді бірде жапалақ. Мен жұмыртқамын Мен айнамын Мен, міне, осындай пішінмін. Мен қоңыз, мен картоп Аяқпенен топ - топ - топ. Сопақшаның қасиетін білу үшін тәжірибе жүргіземіз. Сопақшаның бұрышы жоқ (саусақпен сопақшаны жүргіз.) Сопақша жазық, егер сопақшаны үстел үстіне немесе тақтаға беттестірсе ол көрінбейді. Қайталайық – жазық. Сопақшаның қасиеттерін зерттеуді жалғастырайық. Педагог тақтада, балалар үстел басында жұмыс істейді (үстел үстінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы жатыр). Оны үстелге қоюға тырысайық (сопақшаны қырымен қоюға тырысамыз). Ол тұрмайды. Біздің тәжірибеміз сопақшаның қандай қасиеттерін көрсетеді? Олар талқылайды, сопақша орнықсыз екенін қорытындылайды. Сопақшаға мұқият қарап, айтыңызшы, сопақша қандай геометриялық пішінге ұқсайды?</p> | <p>жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды 1-тапсырманы орындайды. Пішіндердің үстінен саусағымен жүргізеді. Ұқсастығын және айырмашылығын айтады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. 2-тапсырма: практикалық жұмыс. Әр бала пішініне сәйкес үйлесімді (дөңгелек немесе сопақша) кілемшелерді таңдайды, содан кейін төмендегі геометриялық пішіндермен (үш бұрыш, шаршы және дөңгелек) безендіреді.</p> | <p>фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады. Ойын-тапсырма «Бейнеле» Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу. Педагог заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр. Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз? Балалар: шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды</p> | <p>тәсілдерін пайдалана алады Тіршілік ету үшін өсімдіктерге не қажет? Пікірталасқа Қуаныш пен Айсұлу да қатысады. Кеуіп кетпес үшін өсімдікке су қажет. Гүлдерге бөлме температурасына сай келетін су құяды. Күн сәулесі қажет. Өйткені қараңғы жерде гүл өспейді. Жылу қажет. Оны суықта далаға алып шықса, өліп қалады. Ауа мен топырақ қажет. Тану үдерісін топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарту арқылы ұйымдастырады. Өсімдіктерге күтім жасау ерекшеліктерін түсіндіріп береді. Педагог баланың іс-қимылдарына пікір білдіреді, қажет жерінде түзетулер енгізеді. Балалар ересек адамның көмегімен өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін көрсетіп береді (бір өсімдікті мысал ретінде көрсетеді). Гүлді қалай суару керектігін айтып береді (суды құмыраның шетіне құямыз, түбіне құюға болмайды). Топырақты қалай қоспағатынын, жапырақтарды жуу және су шашу тәртібін көрсетіп береді</p> |
|--|--|---|--|---|---|

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|--|
| | <p>ол не? – Үтік. – Көрсетеді, ол не? – Теледидар.</p> | <p>(Шеңбер.) Педагог тақтаға шеңберді іледі. Сопақша несімен шеңберге ұқсайды? Олар талқылайды, сопақша мен шеңбердің бұрыштары жок, жазық, орнықсыз деп қорытынды жасайды. Шеңбер мен сопақша дөңгелек пішінді</p> <p>Онда несімен олар ерекшелінеді? Педагог шеңбер мен сопақшаны беттестіреді. Сопақша қаншалықты созылғанын қараңыздар. Сонымен сопақша қандай? Шеңбердің ұзартылған, созылықты түрі. Сіздердің ойларыңызша сопақша дөңгелек сияқты домалайды ма? Тексерейік. Сопақшаны үстелге домалатуға тырысады. Сопақшаның айналуына не кедергі? Сопақша созылған, сондықтан ол домаламайды деп тұжырымдайды. Сопақша тағы қандай геометриялық пішінге ұқсайды? Тақтаға тіктөртбұрышты іліп қояды. Атауын сұрайды. Балалар тіктөртбұрышты атайды. Олардың ұқсастығы қандай? Пішіндерді бір-біріне беттестіруге ұсынады. Қорытындысында, тіктөртбұрыш пен сопақша – созылған жазық фигуралар,</p> | | | |
|--|--|---|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | домаламайды. Айырмашылықтары неде? Фигуралардың жиегін саусақпен жүргізеді. Олар талқылайды, қорытындылайды, тіктөртбұрыштың бұрыштары бар, бірақ сопақшада бұрыштары болмайды | | |
|--|--|--|--|--|

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Өзіңе жұп тап», «Ұшатын құстар»

| | | |
|---|--|---|
| <p>Ойын: «Ұшатын құстар» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p> |  | <p>Ойын: «Өзіңе жұп тап» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, «Өзіңе жұп тап»- деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: «Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой». Содан кейін белгі бойынша баолығы алға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады. Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды.</p> |
|---|--|---|

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | <p>Қазақ тілі Міндеті: ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету Мақсаты отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді. «Ғажайып алаң» ойыны</p> | <p>Қазақ тілі Міндеті: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру Мақсаты таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады .</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: сын есімдер мен үстеулерді қолдану Мақсаты , бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды біледі Дидактикалық ойын:</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу</p> | <p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).</p> |
|--|--|--|---|--|---|


| | | | | | |
|--|---|---|--|--|--|
| | <p>Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. – Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты – Атам теледидар көреді. – Мынау – менің әжем. Әжемнің аты – Әжем ән айтады. – Мынау – менің әкем. Әкемнің аты – Әкем ойыншық берді. – Мынау – менің анам. Анамның аты – Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз</p> | <p>«Ғажайып алаң» ойыны Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер? Балалар мақалдарды естеріне түсіреді. 1. Отан отбасынан басталады. 2. Баланың бас ұстазы – ата-ана. 3. Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар. 4. Аға әдепті болса, іні әдепті, Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.</p> | <p>«Қандай дыбыс екенін анықта». Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады</p> | <p>(Тәуелсіздігіміз мәңгілік) Мақсаты : сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру . Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгіменің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: әңгімені өз ойымен мазмұндап береді – Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: – Әңгіме қалай аталады? – Саған әңгіме ұнады ма? – Авторы кім? – Әңгіме не туралы? – Бұл қандай мереке? – Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды? – Тәуелсіздік мерекесін</p> | <p>- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Мақсаты:- балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен мүсіндеудің әртүрлі әдістерін, жапсыруда заттардың өлшемін, Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу Топтық жұмыс</p> |
|--|---|---|--|--|--|

Үзіліс: . Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау)

Артикуляциялық жаттығулар(қайталау)

«Терезе»-балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін кішкене жауып «суық» деп айтқызыңыз.

«Окошко» - попросите ребенка широко открыв рот сказать: «жаааарко», а затем, максимально сжав губы сказать: «ххххолодно».



2. «Пілдің тұмсығы» - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады

«Хобот слона» - вытянув вперед губы трубочкой, образовать "хобот слоника",

"набирать водичку.



Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау)

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар: ойыншықтар немесе суреттері.

Ойын барысы: педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-куыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында куыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»

| | | | | | |
|-------------------|---|--|--|---|--|
| | <p>Дене шынықтыру Міндеті: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір Мақсаты: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секір</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала тандалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады</p> | <p>Музыка Міндеті: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау Мақсаты: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай)</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру Мақсаты оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру</p> <p>Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!» Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру Мақсаты допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұру</p> <p>«Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады</p> | <p>Музыка Міндеті: Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу Мақсаты Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату</p> <p>Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай)</p> |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--------------------------------------|---|---|---|---|---|
| <p>Серуен</p> | <p>Ауаны бақылау Мақсаты:Балаларды табиғаттың бір құрамдас бөлігі ауамен, және оның қасиеттерімен таныстыру. Біз немен демаламыз? Бірінші. Терең - демді ішке тартып, содан соң оны қайта шығарайық. Қалай ойлайсындар біз нені шығардық? (ауаны). Ауа деген не? Кімде – кім оны көрдіме? (біз оны көрмейміз, бірақ әрдайым біздің қасымызда) Неге біз оны көрмейміз? (ауа – жеңіл, көзге көріңбейді) Бідің демалатынымызды қалай тексереміз? Алақанымызды бірінші аузымызға апарым, содан соң мұрынға апарып демалыңыз. Сендер не сездіндер? (алақанымыз жылынды, біздің демалысымыздан) Жұмбақ. Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді. (Ауа) Қозғалмалы ойын: «Қоңыздар» Мақсаты:Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойынша қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету. Еңбек әрекеті: Сынған бұтақтарды және жапырақтарды жинау.</p> | <p>Бақшадағы өсімдіктерді бақылау Мақсаты: Бақшада өсетін өсімдіктерді ажырату, олардың адамға пайдасы, адамдардың қысқа дайындығы туралы түсінік беру. Болжам:Сарымсақтың қабығы қалың болса – қыстың аяз болғаны. Тақпақ: Апорт деген тәтті алма Өседі ол бақтарда Апорт деген тәтті алма Өседі ол бақтарда. Жұмбақ: Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды, Күзде кетер қоштасып, Кім біледі .. (торғайды)? Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрет, достастыққа тәрбиелеу.. Алаңдағы еңбек: қураған өсімдіктерді жинау</p> | <p>Ағаштар мен бұталарға бақылау Мақсаты: Алаңдағы бұтақтармен ағаштарға бақылау жасау. Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақтары түсіп жатқанына, алуан түске енуне назар аудару. Болжам: күзде жапырақтар ерте түссе, қыстың суық болады, сонымен қатар қыс ерте басталады. Мақал-мәтел: Күздей бер, күздей берсең үзбей бер. Тақпақ «Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады Көп қарағай,қарағай Мейіранды анадай. Жұмбақ: Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (Жапырақ) Қозғалмалы ойын: «Тығымлақ» Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке жетілдіру. Алаңдағы еңбек: Ағаштардан түскен әдемі жапырақтарды жинап, олардаң жапсыра отырып бір бейне жасау. (балық, қоян, кірпі)</p> | <p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: Қазан айындағы ауа-райын бақылау.Өзіне тән белгілерін анықтап отыру. Тәрбиеші балалармен бірге бақылау жасайды, қазан айында алғашқы суық түседі. Таңертең үйдің шатыры шөп, жолдың шеттері күннің шуағына жылтырап тұрады. Уақыт өте келе суық пайда болады. Болжам: қарға қаңқылдап тоқтаусыз секіріп жүрсе – жаңбыр жауады. Тақпақ: «Мөлдір тамшылар» Бұллар жабағы Көкті жабады Күзгі тамшылар Тамады, тамады. Ү.Есдәулетов. Жұмбақ: Көзіжасты- жылауық, келе жатыр бір алып Жабырқаса жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт) Қозғалмалы ойын: Торғай мен мысық» Мақсаты:Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. Алаңдағы еңбек: гүлдердің тұқымдарын жинау.</p> | <p>Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Нұржігітке қаламды дұрыс қолдануға үйрету. Сурет салу</p> | <p>Нұржігіт пен Балаусаға түстерді ажыраға білуге үйрету. Қарым- қатынас іс –әрекеті</p> | <p>Балаусаның құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p> | <p>Нұржігітке қаламды дұрыс ұстауға үйрету. Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</p> | <p>Нұржігітке суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p> |
| <p>Балаларды үйге қайтару</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі</p> | <p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ</p> | <p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай</p> | <p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін</p> |

| | | | | | |
|--|---------------------------------------|--|--|--|--|
| | бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |
|--|---------------------------------------|--|--|--|--|